

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы
(2026.12.07. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#))

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі [11-бабының 6\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу [қағидалары мен мерзімдері](#) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми [жариялануға](#) тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 525 [қаулысымен](#)
бекітілген

ҚР Үкіметінің 2026.08.05. № 380 [Қаулысымен](#) тақырыбы жаңа редакцияда (2026 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

1. Осы Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс) [11-бабының 6\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

ҚР Үкіметінің 2024.27.03. № 228 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 8 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2024.08.11. № 945 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) (2026 ж. 1 қаңтардан

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2026.08.05. № 380 Қаулысымен (2026 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - БЖЗҚ) - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ [Әлеуметтік кодексте](#) айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2-1) интернет-платформаның операторы (бұдан әрі - оператор) - интернет-платформада тіркелген орындаушылар мен тапсырыс берушілер арасында қызметтер көрсету және жұмыстарды орындау бойынша байланыстар орнату және мәмілелер жасасу үшін цифрлық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, техникалық, ұйымдастырушылық (оның ішінде жұмыстарды немесе қызметтерді көрсету үшін үшінші тұлғаларды тарта отырып көрсетілетін қызметтерді), ақпараттық және өзге де мүмкіндіктерді ұсыну жөніндегі қызметтерді интернет-платформаны пайдалана отырып көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

3) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) - Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға.

Қазақстан Республикасының [салық заңнамасында](#) айқындалған салық агенттері (бұдан әрі - салық агенттері) жұмыстарды орындауды (қызметтер көрсетуді) көздейтін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады.

Қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті Әлеуметтік кодекстің [243-бабы](#) бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдаланып жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде оператор қарастырылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар - Әлеуметтік кодекстің [101-1-бабында](#) көрсетілген тұлғалар.

3. Заңды тұлғалар, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер өздерінің орналасқан (тұратын) жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарында агент ретінде есепке алынуға тиіс.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.07.11. № 939 Қаулысымен (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді

4. Агенттер жұмыскерлерге төленетін кірістерден, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипатта шарт жасасқан жеке тұлғалардың кірісінен ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын есептеп, ұстап қалады және оларды БЖЗҚ-ға аударды.

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 170 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32568 болып тіркелген) Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшыларының агенттері өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын агенттер жұмыскердің кірісінен ай сайын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке жазады және БЖЗҚ-ға аударады.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, Әлеуметтік кодекстің [101-1-бабында](#) көрсетілген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер салық кезеңінің әрбір айы үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептейді және оларды БЖЗҚ-ға өз пайдасына аударады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары міндетті зейнетақы жарналарын салық кезеңінің әрбір айы үшін есептейді және оларды шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына БЖЗҚ-ға аударады. Шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан есептелуге және төленуге тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуді және ұстап қалуды Мемлекеттік корпорация міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне (бұдан әрі - жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі) сәйкес жүзеге асырады.

Әлеуметтік кодекстің [248-бабы 2-тармағының](#) бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген азаматтар үшін міндетті зейнетақы жарналары алынатын кірістің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары болмайтын мөлшерде кейіннен БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына аудару үшін қолма-қол ақшамен жарна салу арқылы банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төленуге тиіс.

Агенттер, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар тұлғалардың кірістерінен салымшының ай сайын БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналарын осы Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес өтініш бойынша есептейді және ұстап қалады.

5. Заңды тұлға - агенттер ұстап қалған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, оның ішінде қате төлемдерді қайтару туралы мәліметтерді электрондық немесе қағаз жеткізгіштерде заңнамада белгіленген тәртіппен сақтайды.

Заңды тұлға - агент таратылған кезде міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын ұстап қалу және аудару туралы құжаттар агенттің орналасқан жеріндегі мемлекеттік архивке беріледі.

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

2-тарау. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) тәртібі мен мерзімдері

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2024.08.11. № 945 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 6-тармақ өзгертілді

6. БЖЗҚ-ға төленетін міндетті зейнетақы жарналарын осы Қағидалардың [10-тармағында](#) көзделген мерзімде Әлеуметтік кодекстің [101-1-бабының 4-тармағында](#) және [102-1-бабының 3-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу объектісіне Әлеуметтік кодекстің [249-бабында](#) белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ең жоғары жиынтық жылдық кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының елу еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Мыналар міндетті зейнетақы жарналарын есептеу объектілері болып табылады:

1) заңды тұлғалар үшін - жалдамалы жұмыскерлердің, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасалған жеке тұлғалардың, ақы төленетін өзге жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының елу еселенген мөлшерінен аспайтын ай сайынғы кірісі;

2) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер үшін - жалдамалы жұмыскердің және ақы төленетін өзге жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының елу еселенген мөлшерінен аспайтын ай сайынғы кірісі;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар, Әлеуметтік кодекстің [101-1-бабында](#) көрсетілген жеке тұлғалар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер үшін алынатын табысы.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу мақсаттары үшін Әлеуметтік кодекстің [101-1-бабында](#) көрсетілген жеке практикамен айналысатын адамдар, жеке тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер Әлеуметтік кодекстің [249-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#) белгіленген мөлшерлер шегінде өздері айқындайтын, бірақ Қазақстан Республикасының [Салық кодексіне](#) (бұдан әрі - Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын табыстан аспайтын сома олар үшін алынатын табыс болып табылады.

Кірісі болмаған жағдайда жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер БЖЗҚ-ға өзінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген [ең төмен жалақы](#) мөлшерінен 10 пайыз есебінен төлеуге құқылы;

4) Мемлекеттік корпорация үшін - еңбекке қабілеттіліктен айырылу, жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырып алуға және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдер;

5) Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналы бөлігінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі үшін;

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

дипломатиялық қызмет қызметкерлері - белгіленген ақшалай төлемдермен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес бөлу негізінде айлықақының 100 пайыз мөлшері;

дипломатиялық қызмет жұмыскерлері - Министрліктің дипломатиялық қызмет персоналына теңестірілген лауазымы бойынша белгіленген ақшалай төлемдермен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес бөлу негізінде айлықақының 100 пайыз мөлшері;

6) сақтандыру ұйымы үшін - жалақысынан (кірісінен) айырылуына байланысты залалды өтеу ретіндегі сақтандыру төлемі;

7) салық агенті болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін - жұмыстарды орындауды (қызметтер көрсетуді) көздейтін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша алған кірісі;

8) ҚР Үкіметінің 2024.08.11. № 945 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(2024 ж. 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9) «Салық кодексінің [94-тарауында](#) көрсетілген бірыңғай төлем төлеушілер үшін бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі міндетті зейнетақы жарналарының үлесі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 50,0 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 46,5 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 42,0 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 40,3 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 38,8 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 38,0 пайызды құрайды.

Бұл ретте салық салу объектісіне қолданылатын бірыңғай төлем мөлшерлемесі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 20,0 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 21,5 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 23,8 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 24,8 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 25,8 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 26,3 пайызды құрайды;

10) арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын операторлар үшін - орындаушылар алған кіріс немесе Әлеуметтік кодекстің [249-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#) айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп міндетті зейнетақы жарналары төленбейтін, бірақ Салық кодексіне сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен аспайтын кірістерді қоспағанда, дара кәсіпкер алатын, әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін өзі дербес айқындайтын кіріс түсініледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс айына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 7-тармақ өзгертілді (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2025.18.08. № 636 [Қаулысымен](#) (2025 ж. 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді және 2025 ж. 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) (бұр.ред.қара); 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 7-тармақ жаңа редакцияда

7. БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналары:

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

1) Салық кодексінің [367-бабы 1\) тармақшасының](#) тоғызыншы абзацында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, Салық кодексінің [365-бабында](#) көрсетілген;

2) Салық кодексінің [382](#) және [435-баптарында](#) көрсетілген;

3) Салық кодексінің [429-бабының 3\) және 8\) тармақшаларында](#), [432-бабының 13\) тармақшасында](#), [436-бабының 4\) тармақшасында](#), сондай-ақ [400-бабы 1-тармағының 14\) тармақшасында](#) және [435-бабының 3\) тармақшасында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда (жоғалған табыс (кіріс бөлігінде), Салық кодексінің [400](#), [429](#), [430](#), [431](#), [432](#), [433](#), [434](#), [435](#) және [436-баптарына](#) сәйкес жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірістері азаятын;

4) мүгедектігі бар адамдар және Салық кодексінің [404-бабының 1-тармағының 1\) және 2\) тармақшасында](#) көрсетілген өзге де тұлғалар заттай нысанда немесе материалдық пайда түрінде алған кірістер мен төлемдерден ұсталмайды.

Салық кодексінің [436-бабының 4\) тармақшасында](#) көрсетілген әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары Әлеуметтік кодекстің [76-бабының 1-тармағына](#), [117-бабының 1-тармағына](#) және [174-бабының 3-тармағына](#) сәйкес осы Қағидалардың [10-тармағында](#) көзделген мерзімде ұсталады.

8. БЖЗҚ-ға төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке жазуды агенттер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 170 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32568 болып тіркелген) бекітілген кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің пайдасына меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырады және ол Әлеуметтік кодекстің [250-бабының 1-тармағында](#) белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі.

3-тарау. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға аудару

ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) 9-тармақ өзгертілді (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

9. Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, агент міндетті зейнетақы жарналарын аударуды қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы жүргізеді.

Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі - банктер) шоттары жоқ жеке практикамен айналысатын тұлғалар, дара кәсіпкерлер, Әлеуметтік кодекстің [101-1 бабында](#) көрсетілген жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар осы Қағидалардың [9-тармағында](#) айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын кейіннен БЖЗҚ-ға аудару үшін оларды банкке қолма-қол ақшамен енгізеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын қолма-қол ақшамен не қолма-қол емес тәсілмен төлеу банктер арқылы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің 2024.08.11. № 945 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 10-тармақ өзгертілді

10. Ұсталған (есепке жазылған) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын Мемлекеттік корпорацияға:

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

1) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан басқа), жеке практикамен айналысатын тұлғалар жұмыскерлерге төлеген кірісінен және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан жеке тұлғалар кіріс төленген айдан кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей;

2) дара кәсіпкерлер (осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген дара кәсіпкерлерден басқа), шаруа немесе фермер қожалықтары, жеке практикамен айналысатын тұлғалар өз пайдасына есепті айдан кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей;

3) Әлеуметтік кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында көрсетілген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар - күнтізбелік жылдың ағымдағы айы үшін кірістер төленетін айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

4) Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылатын айдан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей;

5) сақтандыру ұйымы жалақысынан (кірісінен) айырылу жағдайына байланысты залалды өтеу ретінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған айдан кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей;

6) егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, Әлеуметтік кодекстің [248-бабының 4-тармағында](#) көрсетілген тұлғалар кіріс төленетін айдан кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей;

7) ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

11. Міндетті зейнетақы жарналары, оның ішінде берешек Мемлекеттік корпорацияға аударылады, ол міндетті зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес аударады.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 12-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

12. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 107861 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі - Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидалары) айқындалған тәртіппен төлем жүйелерінің операторы немесе операциялық орталығы бекіткен хабарлар форматтарында электрондық төлем тапсырмаларымен аударылады.

Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация арасында жасалған келісімде (бұдан әрі - келісім) белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген төлем тапсырмаларына сәйкес пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалар жөніндегі ақпаратты жібереді.

Мемлекеттік корпорация үш жұмыс күні ішінде деректемелерінде қате жіберілген міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға үшін, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің [248-бабының](#) 3 және 5-тармақтарында көрсетілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған тұлғалар үшін

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

қайтару себебін көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын агенттің шотына қайтаруды жүзеге асырады.

Алдыңғы операциялық күні жүргізілген төлемдер (сомасы мен міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың саны) туралы үзінді көшірмені Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-ға күн сайын береді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 13-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

13. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді агент «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескере отырып, Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына қолма-қол ақшамен не қолма-қол емес тәсілмен екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырады, бұл ретте жарналарды аудару Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен, төлем жүйелерінің операторы немесе операциялық орталығы бекіткен хабарлар форматтарында, сондай-ақ төлем құжаттарында Мемлекеттік корпорация деректемелері, пайдасына жарналар аударылатын жеке тұлғалардың деректемелері (жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жарналар сомалары мен жарналар төленетін кезең («ААЖЖЖЖ» форматында ай және жыл) көрсетіліп, жиынтық төлем тапсырмасы қалыптастырылып, әрбір ай үшін бөлек жүргізіледі.

Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы аудармаған жағдайда аудару осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген тәртіппен жиынтық төлем тапсырмасын қалыптастыра отырып, әрбір ай үшін бөлек жүргізіледі.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 14-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

14. Жеке практикамен айналысатын тұлғалар, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің [248-бабы 2-тармағының](#) 1) және 2) тармақшаларының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын өз пайдасына және өз жұмыскерлерінің және жұмыстарды орындауды (қызметтер көрсетуді) көздейтін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан жеке тұлғалардың кірістерінен ұстап қалынған сомаларды аудару (қолма-қол ақшамен енгізу) кезінде төлем құжаттарында Мемлекеттік корпорацияның деректемелерін, осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген тәртіппен өзі, жұмыскерлер және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан жеке тұлғалар туралы деректемелер мен мәліметтерді көрсетеді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 15-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

15. Банктер міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын агенттердің банктік шоттарынан осы сомалар есептен шығарылған күні Мемлекеттік корпорацияға аударады.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары қолма-қол ақшамен банктердің кассаларына енгізілген кезде төлем немесе ақшаны аудару бойынша нұсқау сомаларын аудару қолма-қол ақша енгізілген күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Банктер Мемлекеттік корпорацияға ақшаны Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен электронды түрде жиынтық төлем тапсырмаларымен, төлем жүйелерінің операторы немесе операциялық орталығы бекіткен хабарлар форматтарында аударады.

Жұмыскерлерінің саны елу адамнан асатын агент осы Қағидалардың 14-тармағының талаптарын орындаудан басқа банкке осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген форматтағы электрондық жеткізгіштерде жиынтық төлем тапсырмасын ұсынады.

16. Әлеуметтік кодекстің [207-бабының 1-тармағында](#) белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаның алдында міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек болған жағдайда бұл берешекті агент оның банктік шотына ақша аудару арқылы төлейді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 16-1-тармақпен толықтырылды (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

16-1. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару кезінде қателер анықталған жағдайда міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, агенттердің, Мемлекеттік корпорацияның, банктің және БЖЗҚ әрекеттері, сондай-ақ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға уақтылы аудармаған кезде өсімпұл төлеу және берешекті өндіріп алу БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын аударуға арналған тараудың 1 және 2-параграфында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

1-параграф. Міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде қателер анықталған жағдайда міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, агенттердің және БЖЗҚ-ның іс-қимылы

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 17-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

17. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы зейнетақы төлемдерін немесе жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомалары туралы мәліметтерді алу кезінде төленген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың жекелеген сомалары жоқ екенін анықтаған кезде тиісті мәліметтерді алу және жол берілген қателерді түзету шараларын қабылдау үшін агентке қателердің анықталғаны және БЖЗҚ-ға немесе Мемлекеттік корпорацияға міндетті зейнетақы жарналарының (немесе) өсімпұлдың аударылғаны туралы кез келген уақыттағы төлем құжаттарының көшірмелерін өзіне беру туралы жазбаша өтініш береді және осы салымшы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жарналар сомасы және кезеңі («ААЖЖЖЖ» форматында айы мен жылы) бойынша ақпарат қамтылған төлем құжатын қоса береді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 18-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

18. Агент заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған және тарату процесі аяқталған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы агенттің орналасқан жеріндегі мемлекеттік архив мекемелеріне, ал тарату өндірісі барысында тарату комиссиясына жүгінеді, олар оған төлем құжаттарының куәландырылған көшірмелерін ұсынады. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы алған төлем құжаттарының көшірмелерін өтінішпен қоса Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

19. Міндетті зейнетақы жарналары салымшысының деректемелерінде міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды аудару кезінде жіберілген қателер анықталған жағдайда міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы Мемлекеттік

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

корпорацияға қателерді түзету туралы өтінішпен жүгінеді. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы өтініш жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша агент беретін растау-анықтама немесе міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (алушының) деректемелерінде орын алған өзгерістерді растайтын жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі өтінішке қоса беріледі.

Міндетті зейнетақы жарналары банктік шот пайдаланылмай аударылған кезде растау-анықтаманың орнына қолма-қол ақшаның міндетті зейнетақы жарналарын төлеу есебіне енгізілгенін растайтын түбіртек-хабарламалардың көшірмелері қоса беріледі.

Мемлекеттік корпорация ұсынылған құжаттардың негізінде міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және міндетті зейнетақы жарналары салымшысының жеке зейнетақы шотында көрсетілген міндетті зейнетақы жарналары салымшысының деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары салымшысы өтінішінің электрондық көшірмесімен қоса БЖЗҚ-ға электрондық өтінімді ресімдейді.

20. Агент міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды есептеу, аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған немесе міндетті зейнетақы жарналары салымшысының қателердің анықталғаны туралы жазбаша өтінішін алған жағдайларда қателерді міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың кейінгі аударымдарын реттеу жолымен түзетеді.

Міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың кейінгі аударымдарын реттеу жолымен қателерді түзету мүмкін болмаған кезде агент осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтару туралы өтінішпен Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді. Қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтару туралы өтінішке осы Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары салымшысының жеке зейнетақы шотынан қате есептелген сомаларды есептен шығаруға келісетіні туралы нотариат куәландырған өтініші қоса беріледі.

21. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға берілген өтініште: агенттің атауы мен деректемелері (бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), ЖСН, банктік сәйкестендіру коды (бұдан әрі - БСК), жеке сәйкестендіру коды (бұдан әрі - ЖСК), қайтару себебі, қателер жіберілген төлем құжаттарының деректемелері (нөмірі, күні мен сомасы), сондай-ақ жеке зейнетақы шотынан қайтару жүргізілетін міндетті зейнетақы жарналары салымшысының деректемелері мен қайтарылуға жататын жеке сомалар көрсетіледі. Өтінішке басшы және бас бухгалтер қол қоюға тиіс. Егер бас бухгалтердің лауазымы көзделмеген болса, қайтаруға берілген өтініште тиісті белгі жасалады.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 22-тармақ өзгертілді (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

22. Электрондық түрдегі өтінімде міндетті зейнетақы жарналары салымшысының деректемелері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың қайтарылатын сомалары, қайтару себебі көрсетіледі.

Электрондық түрдегі өтінімде міндетті зейнетақы жарналары салымшысының деректемелері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН, міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың қайтарылатын сомалары, қайтару себебі көрсетіледі.

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Электрондық түрдегі өтінім БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация арасында жасалған келісімге сәйкес БЖЗҚ-ға жіберіледі.

ҚР Үкіметінің 2024.08.11. № 945 [Қаулысымен](#) 23-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

23. БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациядан жазылған міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың қате есептелген сомаларын қайтаруға арналған электрондық түрдегі өтінімді алысымен оны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация өтінімінің нөмірі мен күнін көрсетіп, қате есепке жазылған міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомаларын Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не Мемлекеттік корпорацияға БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация арасында жасалған келісімде көрсетілген себептер бойынша қайтарудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

24. Қателер банктің кінәсінан жіберілген жағдайда банк қате аударылған соманы қайтару туралы өтінішпен Мемлекеттік корпорацияға хат жібереді.

Банктің кінәсінан қате аударылған сомаларды қайтаруға арналған өтініште: атауы, БСН, ЖСК, БСК, қате жіберілген төлем құжаттарының референстері және қайтарудың себебі көрсетіледі. Банктің уәкілетті тұлғалары қол қойған хат пен өтініш осы тұлғалардың қате нұсқауды қайтаруға арналған хаттар мен өтініштерге қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесімен қоса беріледі.

25. Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы филиалдары (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорацияның филиалы) және Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомаларын есептеу, ұстап қалу және аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның филиалы қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электрондық түрдегі өтінімді Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 26-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

26. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомаларын қайтаруды БЖЗҚ Мемлекеттік корпорацияның электрондық түрдегі өтінімінде көрсетілген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың БЖЗҚ-ға нақты енгізілген номиналды сомасы бойынша Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына жиынтық төлем тапсырмасымен жүргізіп, жеке тұлғалардың деректемелерін көрсетеді.

27. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде қатысу өтіліне қабылданған кезең үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары қайтарылуға жатпайды.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 28-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

28. БЖЗҚ-да тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлеміне, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға өтініш болып, ол орындалмаған болса, сондай-ақ жеке табыс салығын төлеу жөніндегі салық міндеттемелерін орындау үшін міндетті зейнетақы жарналары салымшысының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

төлемдері кезінде есептелген жеке табыс салығын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған кезде міндетті зейнетақы жарналарының сомасы қайтарылмайды.

Базалық зейнетақы төлемінің сомасын есептеу кезінде ескерілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы қайтарылмайды.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 29-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

29. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомалары БЖЗҚ-дан түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация оларды агенттің өтінішінде көрсетілген деректемелерге сәйкес жиынтық төлем тапсырмасымен аударуды жүргізіп, жеке тұлғалардың деректемелерін көрсетеді.

30. Банк қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомалары Мемлекеттік корпорациядан түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде агентті міндетті зейнетақы жарналарының қайтарылғаны туралы хабардар етеді.

2-параграф. БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары уақтылы аударылмаған кезде өсімпұл төлеу және берешекті өндіріп алу

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 31-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 28 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

31. Кіріс нақты төленген және оны жұмыскер алған жағдайда агент уақтылы ұстап қалмаған (есепке жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алады немесе агент міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жұмыскерлердің пайдасына мерзімі өткен әрбір күн үшін (Мемлекеттік корпорацияға жарналарды төлеу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен аударуға тиіс.

Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға уақтылы есептейді, ұстап қалады (есепке жазады) және төлейді.

32. Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны (есепке жазбағаны) және аудармағаны үшін өсімпұлды агенттер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының актісімен бекітілетін экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау тәртібіне сәйкес айқындалатын төлемдерді тағайындау кодтарын көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына төлейді.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 33-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

33. БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл төлеуді агенттер осы Қағидалардың 13-тармағының бірінші абзацында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Әрбір төлем құжаты, оған қоса берілетін жеке тұлғалардың тізімдері даналарының саны, сондай-ақ оларды беру тәртібі мен мерзімдері осы Қағидалардың 13-тармағында міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін белгіленген шарттарға ұқсас.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 Қаулысымен 34-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

34. Жұмыскерлерінің саны елу адамнан асатын агент өсімпұл төлеген кезде осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған тәртіппен банкке жеке тұлғалардың

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

деректемелерін көрсете отырып, қағаз және электрондық жеткізгіштердегі жиынтық төлем құжатын ұсынады.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 35-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

35. Төлем құжатына қоса берілетін жеке тұлғалардың деректемелері көрсетілген жиынтық төлем тапсырмаларында осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген «жарна сомасы» деген бағанды қоспағанда, міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезіндегі әрбір жеке тұлға бойынша деректемелер қамтылады. Жарна сомасының орнына өсімпұлдың тиісті сомасы көрсетіледі.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 36-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

36. Агенттер төлем құжаттарын алған кезде банктер өсімпұлды Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен төлем жүйелерінің операторы немесе операциялық орталығы бекіткен хабарлар форматтарында Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына аударды.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 37-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

37. БЖЗҚ-ға ақшаны уақтылы аудармағаны үшін Мемлекеттік корпорация Әлеуметтік кодексте белгіленген мөлшерде өсімпұл төлейді.

Өсімпұлды төлеу үшін төлем тапсырмаларын Мемлекеттік корпорация агенттің төлем тапсырмасы негізінде Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен төлем жүйелерінің операторы немесе операциялық орталығы бекіткен хабарлар форматтарында қалыптастырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген төлем тапсырмасына сәйкес пайдасына өсімпұл аударылатын жеке тұлғалар жөніндегі ақпаратты Мемлекеттік корпорация келісімде белгіленген тәртіппен осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген тәртіппен жеке тұлғалардың деректемелерін көрсете отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді, бұл ретте жарна сомасының орнына әрбір жеке тұлға бойынша бөлінген өсімпұлдың тиісті сомасы көрсетіледі.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 38-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

38. БЖЗҚ алынған өсімпұлды міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына аударды.

ҚР Үкіметінің 2024.16.09. № 749 [Қаулысымен](#) 39-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

39. Осы Қағидалардың [37-тармағының](#) талаптары бұзылып аударылған өсімпұл Мемлекеттік корпорацияға қайтарылуға тиіс, келесі аударғанда өсімпұл сомасы көрсетілген тізімді ұсыну кезінде кешіктірілген күндер санына ұлғаяды.

ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) 40-тармақ өзгертілді (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

40. Мемлекеттік кіріс органы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 6 еселенген [айлық есептік көрсеткіштен](#) асатын берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей агентке кейін БЖЗҚ-ға аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға аударылатын міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) жібереді.

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Хабарламаның нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

ҚР Үкіметінің 2026.08.05. № 380 [Қаулысымен](#) 41-тармақ өзгертілді (2026 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

41. Хабарлама агентке жеке қолын қойғызып немесе жөнелту және алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс. Бұл ретте төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы - пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасында агент белгі қойған күннен бастап агентке тапсырылды деп есептеледі.

Бұл ретте мұндай хабарлама пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қабылдағаны туралы белгі қойған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде пошта немесе өзге де байланыс ұйымы арқылы жеткізілуге тиіс.

Пошта немесе өзге де байланыс ұйымы осы тармақта көзделген, мемлекеттік кірістер органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы агентке жіберген хабарламаны қайтарған жағдайда [Салық кодексінде](#) белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша куәгерлерді тартып, салықтық тексеру жүргізу күні осындай хабарлама табыс етілген күн болып табылады;

2) электрондық тәсілмен (бұл тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын агентке қолданылады) - хабарлама «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасына жеткізілген күннен бастап немесе «цифрлық үкіметтің» веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне хабарлама жеткізілген күннен бастап агентке табысталды деп есептеледі (аталған тәсіл «цифрлық үкіметтің» веб-порталында тіркелген агентке қолданылады);

3) Мемлекеттік корпорация арқылы - оны өзі келіп алған күннен бастап агентке табысталды деп есептеледі.

ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) 42-тармақ өзгертілді (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

42. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген [айлық есептік көрсеткіштен](#) астам мөлшердегі берешек өтелмеген жағдайда мемлекеттік кіріс органы банк шоттары мен касса жөніндегі агентке хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң оның шығыс операцияларын тоқтата тұруды жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мыналардан:

Салық кодексінің [201-бабында](#) көзделген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оларды уақтылы төлемегені үшін есептелген өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізілуге жататын айыппұлдарды төлеу жөніндегі операциялардан;

мынадай:

өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқарушылық құжаттар бойынша;

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалармен есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқарушылық құжаттар бойынша, қызметтен босарда алатын жәрдемақыларды және еңбекақы төлеу бойынша, авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу бойынша, клиенттің әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен салық берешегін, кедендік төлемдер, салықтар бойынша берешекті және өсімпұлды, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өтеу бойынша ақша алудан басқа агенттердің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға міндетті.

Мемлекеттік кірістер органының агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша шығарылады.

Агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру:

кейіннен Салық кодексінің [201-бабында](#) көзделген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оларды уактылы төлемегені үшін есептелген өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізілуге жататын айыппұлдарды төлеу есебіне аудару үшін банктерге ақша тапсыру;

егер касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қатысты шығарылса, екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиенттердің қолма-қол ақшасын беруі бойынша операциялардан басқа кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операцияларына қолданылады.

Мемлекеттік кірістер органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін агент түсетін қолма-қол ақшаны түскен күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға аудару арқылы мүлтіксіз орындауға тиіс.

Агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

Агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім берешек сомасы туралы хабарлама жіберу және ұсыну үшін осы Қағидалардың [40-тармағында](#) көзделген тәсілдермен агентке жіберіледі және ұсынылады.

Агенттің банк шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органы өкімдерінің күшін осындай өкімдерді шығарған мемлекеттік кірістер органы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

ҚР Үкіметінің 2025.07.11. № 939 [Қаулысымен](#) 43-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

43. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен астам мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелмеген жағдайда олардың пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жеке тұлғалардың

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

тізімдерін агент хабарлама тапсырылған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органдарына береді.

44. Осы Қағидалардың [42-тармағына](#) сәйкес агент ұсынған тізімдер негізінде мемлекеттік кірістер органы тізімдерді алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша берешек сомасын агенттердің банктік шоттарынан мәжбүрлеп өндіріп алады.

Агенттердің банктік шоттарынан міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша берешекті өндіріп алу агент ұсынған тізімдер қоса берілген мемлекеттік кірістер органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі.

Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін банктік шотта (шоттарда) ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк клиенттің ақшасын алып қоюды Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексінде](#) белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Агенттің банк шотында ұлттық валютада ақша болмаған жағдайда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кірістер органдары ұлттық валютада берген инкассалық өкімдер негізінде агенттің шетел валютасындағы банк шоттарынан жүргізіледі.

45. Мемлекеттік кірістер органы инкассалық өкімдерді бенефициарды - Мемлекеттік корпорацияны көрсете отырып, агенттің банк шотына (шоттарына) қояды.

46. Міндетті зейнетақы жарналарын банктік шот ашылмай төленген кезде банктердің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар агенттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

47. Агенттердің міндетті зейнетақы жарналарын аударуын, белгіленген жағдайларда өсімпұл төлеуін, БЖЗҚ жүргізетін міндетті зейнетақы жарналарының қате есептелген сомаларын қайтаруын бақылауды қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік корпорация күн сайын (өткен күн үшін) мемлекеттік кірістер органдарына түскен, сондай-ақ қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының қайтарылған тізілімдерін және электрондық төлем тапсырмаларын ұсынады.

Мыналар:

1) адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жеке нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер банкке қолма-қол ақшамен енгізген қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының түскен, қайтарылған сомаларының тізілімдері;

2) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына берілетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын, қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын есепке алынған аударылған міндетті зейнетақы жарналарының тізілімдері жеке ұсынылады.

Мемлекеттік корпорация жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының келіп түскен, қате аударылған сомаларының тізілімдері бойынша ай сайынғы есепті мемлекеттік кірістер органдарына ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-і күнінен кешіктірмей ұсынады.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

олар бойынша өндіріп алу [қағидалары мен мерзімдеріне](#)
1-қосымша

**Міндетті зейнетақы жарналарын салымшысының міндетті зейнетақы жарналарын
ұстап қалу туралы
өтініші**

Мен, _____
(Т.А.Ә. (бар болса), туған күні)

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің [248-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуға келісім беремін.

Мына деректемелерді дұрыс деп есептеуді сұраймын:

ЖСН (2013 жылғы 1 қаңтардан кейінгі кезең үшін) _____

Т.А.Ә. (бар болса) _____

Туған күні _____

Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

(қолы) (күні)

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу [қағидалары мен мерзімдеріне](#)
2-қосымша

Растау-анықтама _____
(төлеушінің атауы)

міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару кезінде мынадай төлем тапсырмаларында міндетті зейнетақы жарналарын салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған адамдардың деректемелерінде қателер жіберілгенін растайды:

Төлем тапсырмасының нөмірі	Төлем тапсырмасының күні	Төлем тапсырмасының референсі	Міндетті зейнетақы жарналарын салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған тұлғалардың жеке сомасы	Т.А.Ә. (бар болса) және туған күні (міндетті зейнетақы жарналарын салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған адамдардың)

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

				аударылған адамдардың дұрыс емес деректемелері)
1	2	3	4	5

ЖСН жарамды деп есептелсін _____

Т.А.Ә. (бар болса) _____

Туған күні _____

Бірінші басшы _____

(Т.А.Ә. (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(Т.А.Ә. (бар болса) (қолы)

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу [қағидалары мен мерзімдеріне](#)

3-қосымша

Міндетті зейнетақы жарналарын салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелеріне өзгерістер енгізу туралы өтініші

Мен, _____

(Т.А.Ә. (бар болса), туған күні)

міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару кезінде менің деректемелерімде қателер жіберілгенін хабарлаймын, атап айтқанда:

(қателер жіберілген деректемелер көрсетіледі)

Мынадай деректемелерді жарамды деп есептеуді сұраймын:

Әлеуметтік жеке код (2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін)

ЖСН (2013 жылғы 1 қаңтардан кейінгі кезең үшін) _____

Т.А.Ә. (бар болса) _____

Туған күні _____

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

(қолы)

(күні)

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу
[қағидалары мен мерзімдеріне](#)
4-қосымша

Агенттің қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомасын қайтаруға өтініші

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы

1. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды төлеушінің (агенттің) деректемелері
Атауы

БСН (01.01.2013 ж. кейінгі төлемдер бойынша)

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (01.01.2013 ж. дейінгі төлемдер бойынша)

БСК

ЖСК

2. Қате жіберілген төлем тапсырмасының деректемелері
№

күні 20__ жылғы «__»

Төлем тапсырмасының жалпы сомасы

3. Міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған адамдардың деректемелері

(Т.А.Ә. (бар болса), туған күні)

Салымшының ЖСН

Міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған адамдардың жарнасының сомасы

Қайтарылуға тиіс сома

4.

(қайтару талап етілетін себеп көрсетіледі, мысалы, жұмыскер жұмыстан босатылды, кезең, агенттің банктік деректемелері, міндетті зейнетақы жарналары салымшысының міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған адамдардың деректемелері қате көрсетілген, резидент емес және т.б.)

Қайтаруды мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймыз

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

(кәсіпорынның толық деректері, барлық банктік деректемелер көрсетіледі)

_____	_____
(басшының қолы)	(бас бухгалтердің қолы)

(күні)	

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу [қағидалары мен мерзімдеріне](#)
5-қосымша

Міндетті зейнетақы жарналарын салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған адамдардың қате есептелген сомаларды өзінің жеке зейнетақы шотынан есептен шығаруға келісетіні туралы өтініші

Мен, _____
(Т.А.Ә. (бар болса), туған күні)

ЖСН _____
Менің жеке зейнетақы шотыма қате аударылған

(сомасы жазбаша)

сомасындағы міндетті зейнетақы жарналарының/міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға келісім беремін.

(Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомасын бірнеше төлем тапсырмалары бойынша қайтару қажет болған жағдайда, қайтарылуға тиіс сома әрбір төлем тапсырмасына жеке-жеке көрсетіледі)

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

_____	_____
(қолы)	(күні)

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.